

«6D011700—Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы ( PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Мухамеджанова Гульмира Тастемировнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» тақырыбында дайындалған диссертациясына

## П К І Р

**1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Елбасының «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталатын (2014) Жолдауының сырына үңілсек, мақсатымыз мәңгілік ел болу, мүддеміз мәңгілік елдің іргесін нықтап қалау арқылы жарқын болашақта өмір сүру екенін аңғарамыз. Жарқын болашақты құрушылар жастар десек, олардың бойында кәсіптік шеберлік, имандылық, отаншылдық, ұлттық құндылықтарды жетік білетін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ден қоятын, ана тілін әлем тілдері қатарындағы бай және көркем тіл деп танитын, оның келешегіне алаңдайтын тілдік тұлғаны қалыптастыру өте маңызды екені даусыз. Өйткені қазақ халқы үшін тілден қымбат, тілден қасиетті ештеңе болған жоқ. Тіл — тарихымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық менталитетімізді, елдігімізді сақтап келген басты байлығымыз, төлқұжатымыз. Атадан қалған ен байлық, мол мұра, таза да өткір, күшті де кең тілдің қадір-қасиетін жастардың бойына сіңіру, өз деңгейінде барлық мүмкіншілігімен қолдануға, тілді пайдаланушылардың тілдік танымдық өрісін кеңейтуге ықпал ететін тіл құрылымдарының бірі — қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдар екені айқын. Тіл мен мәдениеттің байланысын қарастыратын ғылым салаларының аспектілері тұрғысынан қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипатын анықтай отырып, оны оқытудың әдіснамасын зерделеу мен әдістемелік жүйесін ұсыну мақсатын көздеген зерттеуші тақырыпты Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасына, білікті мамандар даярлауға, орта және жоғары білім беруге бағытталған нормативтік құжаттар талабына сай қарастырған. Ғылыми жұмыстың маңыздылығын, тақырыптың өзектілігін: көріктеуіш құралдардың ұлттық рухани ерекшелігі қазақ лингвомәдениеттану ғылымы аясында және білім беру жүйесінде меңгерту кешенді түрде зерттелмегендігімен, соған орай мектеп оқушысын тілдік тұлға ретінде қалыптастыруда көріктеуіш

құралдарды оқытудың әдістері мен әдіснамасын білім беру бағдарламасына енгізудің маңыздылығымен дәлелдейді. Зерттеуші мұндай қажеттілікке: жоғары сыныпта көріктеуіш құралдарды оқыту арқылы оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі мен оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу арасындағы; көріктеуіш құралдарды оқытудың білім мазмұны мен оқыту үдерісінде жүзеге асыру арасындағы; көріктеуіш құралдардың оқыту мен оны тіл жұмсауда пайдалану арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтаудың негізінде лингводидактикалық базаны жасау мақсатында жетіп отырғандықтан, Мухамеджанова Гульмира Тастемировнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысын өте маңызды және мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сай деуге толық негіз бар.

## **2.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Зерттеуші қазақ әдеби тіліндегі көріктеуіш құралдардың ғылыми-әдістемелік негіздерін жан-жақты талдап-таразылағандықтан, жасаған қорытындылары мен одан шыққан нәтижелерінің шынайылық дәрежесін төмендегі тұжырымдары мен оның негіздері дәлелдей түседі:

1.Көріктеуіш құралдар — ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық тілге тән эталон-үлгілерді, символ-нышандарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ірі ұлттық-мәдени тілдік құбылыс деген тұжырымы көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәденитанымдық мәнін, ұлт-тіл-мәдениет тұтастығынан туындайтын лингвомәдени ерекшелігін ашудан, олардың мағыналық құрылымын, семантикасын, тіркесімділік қабілетін, тіркескен сөздің семантикалық интерпретациясын т.т. зерделеудің негізінде жасалған.

2.Қазақ тілі көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипатын зерделеу: тілдік бірліктердің қолданысын антропоэзектік бағытта зерттеуге, адамның ойсанасында орныққан ұлттық белгілер мен ұлт мәдениетінің арасындағы тығыз байланыстың тіл арқылы вербалдануын зерттеуге; қоғам және қоршаған орта өзгерістерінен туындайтын қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың лингвомәдени сипатын айқындауда өзекті деген тұжырымы да қазақ тілтанымындағы жаңа ғылыми бағыттардың одан әрі ғылыми-практикалық тұрғыдан негізделе түсуіне, сондай-ақ білім беру жүйесін

жаңарту мен жаңғырту талаптарын жүзеге асыру мақсатында жасалғаны айқын.

3. Орта білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндерден білім берудің лингводидактикалық базасына мәденитанымдық ақпараттарды толыққанды және жеткілікті түрде енгізу арқылы лингвомәдени мазмұндағы білім беру бағыты өзекті деген тұжырымының негізінде жан-жақты дамыған, интеллектуалдық әлеуеті жоғары, тілдік дағдысы жетілген дара тұлға тәрбиелеуде тіл мен мәдениетті ұштастыра отырып, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мақсатының басымдығы аңғарылады.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

**1-нәтиже:** жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалып, оқушының тілдік, қатысымдық, әлеуметтік дағдыларының қалыптасатыны дәйектелген.

**2-нәтиже:** жалпы білім беретін мектептерде көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыратын дидактикалық ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер жүйесі анықталған.

**3-нәтиже:** жоғары сынып оқушыларына көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерудің кешенді тапсырмалар жүйесі жасалып, тиімділігі дәлелденілген.

**4-нәтиже:** қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың жазба нұсқаларда қолданылған барлық дерлік түрлері кешенді түрде жинақталып, олардың классификациясы жасалған.

**5-нәтиже:** көркем әдеби шығармалардағы, масс-медиа тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың негізгі түрлерінің құрамындағы лексемалардың лингвомәдени ерекшеліктеріне, семантикасындағы ұлттық мәдени белгілерге талдау жүргізіліп, оның нәтижесінде көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени құзыреттілікке ие тұлға қалыптастырудағы маңыздылығы және қажеттілігі дәлелденілген.

Енді осы жасалған 5 түрлі ғылыми қағидаларының жаңалық дәрежесіне тоқталамыз.

**1-нәтижесі жаңа,** өйткені көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты білім беру жүйесінде арнайы зерттелмеген. Демек, көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі алғаш рет әзірленіп отыр.



**2-нәтижесі де жаңа,** себебі оқытудың қалыптасқан дидактикалық ұстанымдары мен қатар қазіргі білім беру талабына сәйкес антропоэзеттік, лингвомәдени, танымдық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, оқушыларға лингвомәдени бірліктерді меңгерту ұтымды шыққан. Сонымен қатар интерактивтік оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы тұлғаның шығармашылық қырын дамытуға да мүмкіндік жасалған.

**3-нәтижесі біршама жаңа.** Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуға ұсынылған кешенді жұмыстарының мазмұнын негізінен жаттығулар құрайды. Бір ерекшелігі оқушылардың ойын көркем жеткізуді, образды сөйлеуді қалыптастыру мақсатында тапсырмалар 4 әдістемелік деңгейге бөлінген, оқушылардың өзбетімен жұмыс жасау бағытында: шығарма, реферат, сипаттау, лингвомәдени талдауға үлкен мән берілген.

**4-нәтижесі біршама жаңа.** Онда зерттеу еңбектерінде мәселенің құрылымдық жағына көбірек көңіл бөлінгенін зерделей келіп, тілдің көріктеуіш құралдары: бағалаушылық, қарқындылық, образдылық, экспрессиялы-эмоционалдық тұрғыдан жеткізілуіне ықпал ететін және қабылдаушының коммуникативтік актінің барысын жеткілікті дәрежеде түсінуін қамтамасыз ететін тілдік құралдар екеніне тоқтала келіп, оларды тілдің салаларына қарай топтастырады. Мысалы, фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық көріктеуіш құралдар деп және оларды дәстүрлі түрде тілде және сөйленістерде көрініс табатындар деп жіктейді.

**5-нәтижесі жаңа.** Өйткені көріктеуіш құралдарды игертудің оқушылардың білімі мен білігін, қабілеті мен дағдысын, лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда қазақ тілінің көріктеуіш құралдарын таңдау пәні ретінде 11-сыныпқа енгізуді ұсынып, оның бағдарламасы құрастырылған..

#### **4. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертацияның мазмұны кіріспеден басталып, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан құралған. Нормативтік сілтемелер мен анықтамалар берілген. Жұмыстағы әрбір бөлім бірнеше бөлімшеге бөлініп, әрқайсы бірінің-бірі жалғасы ретінде жүйелілік сипатын сақтаған. 1-бөлімде қазақ әдеби тіліндегі көріктеуіш құралдардың ғылыми негіздері, 2-бөлімде жаңа білім беру парадигмасында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдіснамалық негіздері, 3-бөлімде көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің әдістемесі зерделенеді. Жұмыстың соңында

берілген Қосымшасы (бағдарламасы) таңдау пәнінің мазмұнын нақтылай түседі

**5.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Зерттеу жұмысының нәтижелері лингвомәдениеттану ғылымының, педагогика, психология, философия, лексикология, когнитивті лингвистика, функционалды стилистика салаларының теориялық жағынан толығымен түсуіне және тілдік бірліктерді орта білім беру жүйесінде ұлт-тіл-мәдениет тұтастығынан туындайтын лингвомәдени мазмұндағы білім беруге мүмкіндік жасайтынын, «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» таңдау пәнінің оқу бағдарламасы, соған сәйкес жасалған кешенді тапсырмалар жүйесі қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымын практикалық жақтан толықтыра, жетілдіре түсетінін зерттеу барысында дәлелдей келе, соның негізінде оқушының мемлекеттік тілді меңгерген тілдік тұлға ретінде қалыптасуына, қатысымдық қызметке жоғары деңгейде араласуына мүмкіндік жасайды деген тұжырымдары негізсіз емес.

**6.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі мазмұны мен тұжырымдары 2014-2015-2016 жылдар аралығында өткен халықаралық ғылыми-теориялық-тәжірибелік конференцияларда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысында және Көкшетау, Павлодар мемлекеттік университеттерінің журналдарында, шетелдік басылымдар мен «Новые тренды в науке и образовании» атты симпозиум материалдарында жарық көрген. Яғни жарияланған ғылыми мақалалары зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының мазмұнының толық ашылғандығына дәлел бола алады.

**7.Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

1. Зерттеу жұмысының екінші бөлімі: «Жаңа білім беру парадигмасында көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың әдіснамалық негізі» деп аталған. Тақырыптың басын: 1) «жаңа білім» дегеннен гөрі «жаңа мазмұнда білім беру» деп берген түсініктірек, нақтырақ болар еді, 2) гуманитарлық білім берудің әдіснамасы тек қана философияға негізделе ме? Біріншіден, лингвистикалық білім берудің негізгі тұжырымдамасы: қоғам талабымен, (білім беруді жаңарту), білім беру саясатының негізгі ұстанымдарымен (гуманитарландыру, даралау, интеграция, ақпараттандыру);

маман дайындау талабымен (білімдік деңгейін, мәдени құндылық деңгейін, шеберлік деңгейін көтеру) айқындалады. Ал әдіснамалық негізі – жоғарыда аталған деңгейлерге негізделе отырып, лингвистикалық білімнің негізіне гуманитарлық мазмұн беру, маманның лингвистикалық дайындығының мақсатын, мақсатқа орай білімнің мазмұнын, мазмұнды іске асырудың амалдарын анықтау, пәннің мазмұнын тұтастық, жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, сабақтастық ұстанымдарына негіздеу. Ол үшін білімнің негізгі мазмұнына жаңаша сипат беру, тәлім-тәрбие, мәдениет кешенін гуманистік бағдардағы адам тәрбиелеуге жұмылдыру. Демек, қоғамның: ұлттық білім беру, білім беруді модернизациялау, инновациялық білім беру, яғни білім мазмұнын, оны жеткізудің әдіс-тәсілдерін жаңарту деген талап қойып отырғаны белгілі. Сондықтан бөлімнің атауы да осы мақсатқа сәйкес нақты қойылғаны дұрыс. Екіншіден, қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір тармағы болғандықтан, ол педагогиканың әдіснамалық негіздерін тірек етеді. Педагогикалық ғылымдардың әдіснамасы – педагогикалық білім, педагогикалық таным туралы ғылым. Ол мынадай мәселелерді қамтиды: 1) педагогикалық білімнің қызметі мен құрылымы; 2) негізгі философиялық және жалпығылыми педагогикалық қағидалар; 3) таным әдісі мен ұстанымдары. Демек, педагогикалық әдіснама – ғылыми-педагогикалық зерттеулердің негізгі қағидалары, құрылымы, қызметі, әдістері мен ұстанымдары туралы ғылым. Әдіснамалық ғылымның құрылымы 4 деңгейден құралады: философиялық, жалпығылыми, нақтығылыми және технологиялық. Әрине, зерттеушінің: философия-дүниетанымдық ғылым, оның тірек ұғымдары— дүние және адам, адамның сыртқы дүниеге қатынасы болғандықтан, көріктеуіш құралдардың философиялық құбылыс болуының объективті негізі болып табылады деген тұжырымға сүйенгені, сондықтан философияға тереңірек тоқталғаны артық емес. Алайда, әдіснамалық негіздері дегеннен кейін, оған жалпы шолу жасай келе, тақырыптың философиялық негіздерін айқындау тиімдірек болар еді

2. Жұмыстың 119-бетінде: «оқытудың теориясы төмендегідей ұғымдарды топтастырады» деп, оған жататын ұғымдар аталған. Бұл жерде аталған мәселелерді ұғымдар дегеннен гөрі оқыту үдерісін құрастыратын *педагогикалық бірліктер* деп беру керек. Өйткені мұндай қолданыс педагогика ғылымында қалыптасқан. Ондай бірліктердің қалыптасқан жүйесі бар. Атап айтқанда: *мақсат-ұстаным – мазмұн – әдіс-тәсіл – қажетті құрал-жабдық – ұйымдастыру формасы*. Бұл аталған бірліктер оқыту үдерісінің (теориясының) құрылымын айқындайды. Әрине, ұғымдардың



негізінде бірлік қалыптасады, сондықтан мұнда үлкен қателік жоқ, дегенмен ғылымда әр құбылыстың қалыптасқан аталымы бар.

3. Жұмыстың 10-бетінде: «оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыратын дидактикалық ұстанымдар» деген қолданыс кездеседі Оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы— сабақ, ал дидактикалық ұстаным — сабақтың дидактикалық мақсатына қарай негізге алынатын қағида.

Әрине, аталған кемшіліктер жұмыстың жалпы теориялық талдауына, әдістемелік ізденістері мен ұсыныстарына, жұмыстың рәсімделу жүйесіне нұқсан келтірмейді. Тек келешектегі ғылыми-әдістемелік зерттеулерінде ескерілсе демекпін.

**8.Тиісті мамандық бойынша философия докторы ( PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

Мухамеджанова Гульмира Тастемировна «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» тақырыбында «6D011700—Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы ( PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы қазіргі ұлттық білім беру талабына сай жазылған деп санаймын. Өйткені зерттеуші қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейту, тіліміздің ең шұрайлы көркемдегіш құралдарын оқушыларға мектептен бастап игерту арқылы ана тіліміздің, дана тіліміздің, бай тіліміздің болмысы мен мүмкіншілігін жастардың бойына сіңіру, олардың танымдық өрісін кеңейту жолдарын қарастырған. Диссертацияда көтерілген мәселелер жан-жақты, әрі жүйелі талданылған, тұжырымдары дәлелденген. Өзіндік пайымдаулары мен ұстанымдары бар. Диссертация Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Мухамеджанова Гульмира Тастемировна Р Н D ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми оппонент —

Алматы университетінің профессоры,

педагогика ғылымының докторы



З.Бейсенбаева